

Тексерілді:

Маңғыстау облысы білім
басқармасының Ақтау қаласы
бойынша білім бөлімінің
№61 «Сұлтан» бөбекжайы
ЖБҚ МКҚК – ның әдіскері
Жұлдызбаева Ә. Ә.

***2023-2024 оқу жылының
№ 1 - "Балапан" ересек тобының
7-9 мамыр мерекелеріне арналған
«Жеңіс туы желбіре!»
тақырыптық оқу іс-әрекеті***

Ақтау қаласы,
2023-2024 оқу жылы

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Сөйлеуді дамыту, Жапсыру.

Тақырыбы: «Жеңіс туы желбіре!».

Мақсаты: Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу. Ұлы Отан соғысы, оның зардаптары, Ұлы Жеңіс туралы мағұлмат беру. Отан үшін жан қиған аталар мен апалардың, соғыстан оралған, қазіргі кезде арамызда жүрген ардагерлеріміздің ерлігін үлгі ете отырып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілік: Интербелсенді тақта, слайд, түрлі түсті қағаз, үлестірмелі материалдар.

Тәрбиеші: Қамықпаған қиындықтың үрейінен,

Өздеріңе силап қырдың гүлінен

Бүгінгі ұрпақ – бақытты ұрпақ атанып

Құттықтаймыз Ұлы Жеңіс күнімен!

Ән: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? (Көктем)

- Көктем мезгілінің қай айы? (Мамыр)

- Бүгін біз қандай мерекеге жиналдык? (7 мамыр Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр – Ұлы жеңіс күніне)

- Дұрыс айтасыздар балалар, бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіміз «Отан қорғаушылар мен Ұлы Жеңіс» күніне арналмақ. Баршамызға белгілі 9 мамыр - 5 жылға созылған ұлы Отан соғысында жауды жеңіп, әділетті елімізге жеңіс әкелген күн. Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Қаншама аға-апаларымыз Отан үшін өмірін қиды. Соғыс зардабы қаншама жүректерге жазылмас жара салды. Бірақ, бізге – тыныш жылдар, бақытты өмір сыйлаған ата - бабаларымыздың ерлігін ұмыттырмақ емес! Ерлер есімі – ел есінде мәңгілік сақталады.

Бауыржан Момышұлы

Кеңес одағының батыры, жазушы, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы. 1910 жылы 24-желтоқсан күні Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ ауылында қарапайым, мал бағатын шаруа отбасында дүниеге келді.

Осы соғыста ер азаматтармен бірге біздің апаларымызда өздерінің естен кетпес ерліктерін көрсетіп, отан үшін майданда жараланған солдаттардың жанын сақтап өз көмектерін аяған жоқ. Соғыстың өзі өрімдей жап - жас Әлия мен Мәншүк қыздарымызды ала кетті.

Әлия Молдағұлова

1925 ж. 25 қазанда Ақтөбе облысы, Қобда ауданының Бұлақ ауылында дүниеге келген.

Ол 7 жасында анасынан айырылып, нағашы ағасы Әубәкірдің шаңырағында тәрбиеленеді. Ол Кеңес Одағының батыры, мерген қыз.

Мәншүк Мамедова

1922 жылдың қазан айында Батыс Қазақстан облысы, Орал ауданында дүниеге келген. Қазақтың қаһарман қызы, Кеңес Одағының Батыры.

Батыр апаларымыз бен ағаларымызды 1 минут үнсіздікпен еске алайық.

Балалардың тақпақтары.

- Балалар, соғыста түрлі көліктер болған, соның ішінде танк ерекше көлік түрі болып табылады. Қазір біз сол танктың бейнесін қағаз бетіне жапсыратын боламыз.

Сергіту сәті.

Дидактикалық ойын: «Менің Қазақстаным»

Мақсаты: Балаларды Отанға, елімізге, жерімізге деген патриоттық сезімдерін ояту. Отанды қорғауға, аялауға үйрету.

Тәрбиеші: - Балалар, сендер осы ата, әжелерің сияқты батыр болғыларың келе ме?

- Иә.

- Ендеше біз ол үшін, елімізді, жерімізді сүйіп, оны қорғауымыз керек екен.

- Осы батыр ата, әжелеріміздің арқасында балабақшаға келіп, білім алып, еркін өмір сүріп, шаттанып күліп жүрміз.

Қорытынды:

- Балалар, бүгін біз қандай мерекені тойладық?

- Отан қорғаушылар мен Жеңіс күні.

- Қандай батыр ата, әжелерімізбен таныстық?

- Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мамедова.

- Дұрыс айтасындар, балалар, біздер соғысқа барып батыр болмайық! Біздер бейбіт елдің батыры болайық! Әрқашан еліміз, жеріміз тыныш болсын – деп бүгінгі оқу-қызметін аяқтаймыз.